

Жастардың бойынан
ұлтжандылық құндылықты
қалыптастыру

Зерттеудің мақсаты: Жастардың бойынан ұлтжандылық құндылықты қалыптастыру.

Жұмыстың жаңалығы: *М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі ақынның Алаш атын аспанға шығаратын жастарға деген қалтқысыз сеніміне, оның жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелеу жолындағы мән-маңызына жан-жақты талдау жасалуы. Ақын өлеңі негізінде бүгінгі таңда көптеген игі істер өз бастамасын тапқанына көз жеткізу.*

Кіріспе

Қысқа ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, халық игілігі үшін қара басын қатерге тігіп, күллі адамзаттың мүддесін көздеген Мағжан Жұмабаев замана сырын ашып, болашаққа жол сілтеген ұлт ақыны. Өмір шындығын поэзия шындығына айналдырып, таланты мен көрегендігі тоғысқан Мағжан ақынның туындыларын толыққанды талдап, санамызға сіңіре алған жоқпыз. Сондықтан зерттеген сайын зерттеуді қажет етіп, терең ойға, сырлы сезімге, тұңғыш әлемге батырып жіберетін ақын өлеңдерін жүрек түкпіріне қонақтату – бүгінгі ұрпақ, біздің енішімізде.

Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Осы тұрғыдан Мағжанның азаматтық үнін танытатын «Мен жастарға сенемін» өлеңі жас ұрпақтың жанына жігер, жүрегіне рух пен айбындылық, көңіліне сенім ұялатар ұлтжандылықтың ұраны дейміз. Мағжан поэзиясы енді ғасырлар бойы толассыз зерттеуге жетеді. Бұл жұмыс алаш ұлының айбынды рух атой салған «Мен жастарға сенемін» өлеңінің өзекті ойы мен қазіргі таңда елді, ел тұтқасын ұстар өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мән-маңызын зерттеп, бүгінгі күнмен үндестік тапқан ақынның азаматтық үнін зерделеуге арналды. Ақынның бір-бір зерттеуді қажет ететін осындай рухани дүниесі қаншама?! Бұл зерттеу де сол ұлт руханиятына қосылған теңіздің тамшысындай үлес деуге болады.

«Мағжан Жұмабаев – біздің рухани өлкеміздегі қиырдан көзге түсетін, көрген көз сүйінетін биік шындарының бірі де бірегейі. Оны танып, оны қастерлеу – біздің елдік мәдениетіміздің анық көрсеткіші, сипаттамасы болмақ», -деп Гафу Қайырбеков айтқандай, Мағжан ақынның азаматтық үні, ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзіндей өлең деген құдірет арқылы ұлт руханиятына қосқан үлесі бүгінгі күн тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет етеді. Зерттеу жұмысы осы мәселені ашуға бағытталған.

Ел алдындағы басты мұрат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау болмақ. Ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне үлес қосар азаматы етіп, ұлт болашағын тәрбиелеудегі «Мен жастарға сенемін» өлеңінің қосар үлесі мен руханият таразысынан алар салмағын екшелеп, көңіл көзінен өткізіп, мейлінше жіті зерделеп, бүгінгі күнмен сабақтастырылған.

Мен жастарға сенемін

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!...
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!



Елбасының жастарға айтқан сөздері:

«Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман».

Ел бірлігін көздің қарашығындай сақтаңдар!

Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады».

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді».

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны».



*«Біздің
еңбексүйгіштігіміз
біздің екінші құнды
жеңісіміз болып
табылады».*



Ұсыныс

Халқына азаттық тілеген, өмірін ел мүддесіне арнаған ақын Мағжан Жұмабаев өркениетіміздің маңдайалды біртуар тұлға. Жалпы адамзатқа рухани азық болар ақын мұрасын барша халыққа насихаттау үшін мынадай ұсыныстарым бар:

⇒ Жастар орталығы Мағжан идеяларын басшылыққа алып, соның негізінде жұмыстар атқарылып, «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Жастардың кадрлық резервтері», «Мемлекеттік қызмет мектептері», «Жастар Отанға!» және өзге де жастар бастамалары өз жалғасын таба берсін;

⇒ Мағжан шығармаларын қазіргі заман талабына сай электронды кітаптарға енгізіп, әлеуметтік желілерде Мағжанның жеке парағын ашу.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысымда ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі патриоттық рух пен азаматтық үнін ұғынып, талдау жасадық. Ақын өлеңі жастардың жалынды бейнесін сомдап, келешегі кемел елдің көшбасшыларын өмір сахнасына шығарады.

Сонымен поэзия руханиятымызды көркемдік кеңістікпен байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты десек, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты азаматтық лирикасы ұлттық болмыс пен қайсар мінезге жетелеп, осы екеуін басты негізге ала отырып, туған жерге деген шексіз махаббат пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етеді. Бүгінгі күн тұрғысынан елді, ұлт болашағы жастардың тәлім-тәрбиесі мен өнегелі өмір сүру жолдарын шешуге жауап береді. Мағжан өлеңіндегі жастар тұлғасын қалыптастырмай дамыған қоғам құрылмайды. Жастар ақын өлеңінен, тәл мәдениеттен нәр алып, жігері жалын, рухы мықты, өр мінезді, ар-намысы биік болып, ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген перзенттік сезімдері ұшталады. Сондықтан «Мен жастарға сенемін» өлеңі жастар тәрбиесі үшін бірден-бір өнеге мектебі деуге болады.

Қорыта келгенде, Мағжанның бұл өлеңі жастардың рухани деңгейін көтеріп, тәуелсіз елдің текті ұрпағын, жаңа күннің жігерлі кейіпкерлерін өмірге әкелуде таптырмас дүние.

Сондықтан өткен күн мен бүгінгі өмірдегі сабақтастық салаланған, кең ауқымды келелі ойлар жеткіншектердің жүрегіне рухани-адамгершілік, азаматтық-моральдық құндылықтарды құндақтауы – заман талабы екені сөзсіз.

Назарларыңызға рахмет